

## Көктем шуағы

Көктемнің самалымен майда қоңыр,  
Гүлденіп жарқырайды байтақ өңір.  
Жер көгеріп, гүлденіп жадырайды,  
Осылай түрлі-түсті жайнап өмір.

Құлпырған қызыл-жасыл гүлдерін-ай,  
Кең дала шақырады құшақ жайып,  
Арасы жер мен аспан жалғасқандай,  
Алыпты бұлт шудасын көкте жиып.

Сергіткен мәре-сәре қызығы мол,  
Көктемде әні жатыр өмірдің бұл.  
Жайнап тұр сеніменен ашық далам,  
Көз тоймай қарай берем, асық болам.

Көктем шықты. Енді мал тарықпайды,  
Қиқулап көкте құстар шарықтайды.  
Жылқылар кісінесе шатқалынан,  
Қой өрер көк белестің қатпалынан.

Мөп-мөлдір тұнық судай әуе көгі,  
Таңменен сәулелі нұр сау етеді.  
Көктемнің шуағынан жылу алған  
Туған жер,  
Қандай көркем тау етегі!